

**"Сырдария ауданы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы " Сырдария ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 274 қаулысына өзгерістер енгізу туралы**

Қызылорда облысы Сырдария ауданы әкімдігінің 2024 жылғы 21 ақпандағы № 29 қаулысы

Сырдария ауданының әкімдігі ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:

1. "Сырдария ауданы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесін бекіту туралы " Сырдария ауданы әкімдігінің 2022 жылғы 26 қыркүйектегі № 274 қаулысына мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген қаулымен бекітілген Сырдария ауданы жергілікті бюджеттен қаржыландырылатын "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалаудың әдістемесінде:

3-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"3. "Б" корпусының мемлекеттік әкімшілік қызметшілерінің қызметін бағалау (бұдан әрі-бағалау) олардың жұмысының тиімділігі мен сапасын анықтау үшін персоналды басқару бойынша бірыңғай ақпараттық жүйе (бұдан әрі-ақпараттық жүйе) арқылы жүргізіледі. Бұл ретте техникалық мүмкіндік болмаған жағдайда бағалау қағаз тасымалдағышта немесе мемлекеттік органдарда жұмыс істейтін ақпараттық жүйелерде жүргізіледі.

Бағалау бағаланатын адамның санатына байланысты НМИ қол жеткізу нәтижелері, саралау және 360 әдістері нәтижелерінің негізінде жүргізіледі.

Автоматтандырылған бағалау жүйесі енгізілген мемлекеттік органдардың "Б" корпусы қызметшілерін бағалау осы мемлекеттік органдардың ішкі құжаттарында айқындалған ерекшеліктерді ескере отырып жүргізіледі.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Егер бағаланатын қызметшінің бағаланатын кезеңде нақты лауазымда болу мерзімі бір айдан кем болған жағдайда, оны бағалау жүргізілмейді. Егер бағаланатын қызметші бағалау жүргізу кезеңінде еңбек немесе әлеуметтік демалыста, еңбекке уақытша қабілетсіздігі кезеңінде, іссапарда, тағылымдамада, қайта даярлауда немесе біліктілігін арттыруда болған жағдайда қызметшіні НМИ қол жеткізу бойынша бағалау , саралау және/немесе 360 әдістері бойынша бағалау оның қатысуынсыз 4-тармақта белгіленген мерзімдерде жүргізіледі.";

11-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"11. Персоналды басқару қызметі бағаланатын қызметшіні бағалау нәтижелерімен ол аяқталған соң екі жұмыс күні ішінде таныстыруды қамтамасыз етеді."

2. Осы қаулының орындалуын бақылау "Сырдария ауданы әкімінің аппараты" коммуналдық мемлекеттік мекемесіне жүктелсін.

3. Осы қаулы оның алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сырдария ауданының әкімі*

*Б. Сарменбаев*

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК